

А. Маемерова
PhD докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

«ҚЫСАСУЛ ӘНБИЯ» ЕСКЕРТКІШ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

This article is considered the structural features of the pair words used in the language of the monument "Kissasul enbiya" Golden Hordeperiod, on the basis of the analysis is determined by their interrelation with the modern Kazakh.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихын, даму заңдылықтарын анықтау тұрғысынан ғасырлар қойнауынан жазбаша сақталып келген көркем туындылардың тілін зерделеу ісі ерекше маңыздылыққа ие. Бұл тұрғыда қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихы үшін Алтын Орда дәуірінде жазылған әдеби туындылар бірден-бір құнды деректер қатарында қарастырылады. Сол дәуірдегі көркем шығармалардың арасында Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», Сафи Сарайидің «Гүлістан бит-түрки», Құтыптың «Хұсрау мен Шырыны» және Рабғузидің «Қысасұл әнбия» атты туындылары қазіргі уақытқа дейін жетіп отыр.

Бұл мақалаға Алтын Орда дәуіріндегі лексикалық тұрғыдан ең бай және көркем үлгілерінің бірі - «Қысасұл әнбия» ескерткішінің Лондон нұсқасы тілінде қолданылған қос сөздері арқау етіп алынды.

1310 жылы Бұрханеддинұлы қазы Насреддин Рабғузи тарапынан Насириддин Ток Бұға бекке арналып жазылған «Қысасұл әнбия» шығармасының негізгі сюжетін пайғамбарлар туралы аңыздар мен қиссалар құрағанымен, қиссалар арасында табиғат пен дүние құбылыстары жайында мифологиялық әңгімелер, ертегі мен өлеңдер де кездеседі.

XIV ғасырда жазылған «Қысасұл әнбия» - Алтын Орда дәуірінің тілдік ерекшеліктерін көрсететін құнды мұра. Аралас тілде (қыпшақ-оғыз) жазылған шығарманың әсерлі де бейнелі болуы үшін тілдік көркемдеулер мейлінше мол қолданылған. Солардың бірі - қос сөздер. Ескерткіш тілінде екі түрлі әдіспен де (қайталама және қосарлама) жасалған қос сөздер анықталды. Шығарма тілінде қолданылған қайталама қос сөздер ретінде *kıyım kıyım, türlüg türlüg, pare pare* сөздерін, қосарлама қос сөздерге *tal yıgaç , tün kündüzi, aş suw, yılkı kara, başın ađakın, yüzi közi, körgen bilgen, mal tawar, altun kümüş, bayı çıǵayı, erkegi tişisi, kız kırkınları, yınçke yuwka, körklüg cemallıg* мысалдарын келтіруге болады. Мысалдар арасындағы *kıyım kıyım, türlüg türlüg, başın ađakın, körgen bilgen, altun kümüş, kız kırkın* сөздері қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылады.

Зерттеуде қос сөздердің құрылымдық ерекшеліктері сараланып, қазақ тілімен сабақтастығы терендетіле көрсетіледі.